

**Азаматтардың құқығын шектейтін немесе оған нұқсан келтіретін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды және басқа да адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне келтірген шағымдарды соттардың қарауы туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумы 1994 жылғы 23 желтоқсан N 8 (Қазақстан Республикасы (Қазақ КСР) Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы, 1997 ж., 2 том, 68 бет). Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2003.12.19. N 10 қаулысымен.

Азаматтардың құқығын шектейтін немесе оған нұқсан келтіретін мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды және басқа да адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне келтірген шағымдарды сотта қарау кезінде туындайтын мәселелерге және заңдағы өзгертулерге байланысты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13, 76-баптарына сәйкес, әрбір азамат өз құқығы мен бостандығын қажетті қорғаныс пен сот қорғауын қоса, барлық заңға қайшы келмейтін тәсілмен қорғауға құқықты. Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы Соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Жарлығының 5-бабы 1-тармағына сәйкес, әрбір азамат мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және басқа тұлғалардың, олардың құқықтарына нұқсан келтіретін немесе заңды мүддесі мен бостандығын шектейтін шешім әрекеттерден. Республика Конституциясы және заңдары қарастырғандай кез-келген заңсыз әрекеттерден сот қорғау кепілдемесі берілетіндігіне соттардың назары аударылсын.<\*>

Бұл мәселе бойынша, шағымды соттан тыс қарау тәртібі сақталуы сақталмауына қарамастан, азаматтар тікелей сотқа арыздануына қақылы.

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1998.05.15. N 5 қаулысымен .**

2. Сот қорғауына Конституцияда, заңдарда, басқа нормативтік актілерде және халықаралық келісімдерде қарастырылған барлық құқықтар мен бостандықтар жатады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 78-бабына сәйкес, қолдануға жататын заң немесе басқа нормативтік актінің Конституцияда бекітілген азаматтың және адамның құқығы мен бостандығына нұқсан келтіретінін көрсе, сот ол іс бойынша өндірісті тоқтатып, Конституциялық Кеңеске осы актінің Конституцияға сай еместігін тану туралы ұсыныс жасайды.

Мәслихат және әкімдердің өкімдері мен шешімдерінің заңдылығы туралы мәселелерді соттардың өздерінің шешуіне жатады (Конституцияның 88-бабы).

АІЖК-нің екінші бөлімінің екінші тарауында қарастырылғандай, соттың, судьяның, прокурордың, тергеушінің, сот орындаушысының шешімі мен іс-әрекеттеріне шағымдануға болмайды. Олар туралы азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік іс жүргізу заңдарымен шағымдану тәртібі басқаша белгіленген.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 1998.05.15. N 5 қаулысымен .**

3. Басқару міндетін жүзеге асыру кезінде заңның немесе басқа да нормативті актілердің берген құқығын толық немесе ішінара жүзеге асыру мүмкіндігінен айырған /аудандық әкімшіліктің тұрғын үй жағдайын жақсарту жөнінде есепке қоюдан бас тартуы, ондай есептен шығарып тастауы; жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркеуге алудан бас тартуы; көлік құралдарын немесе құрылысты тіркеуден, балаларды мектеп жасына дейінгі немесе мектеп мекемелеріне алуға бас тартуы; ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекетіне, қоғамдық бірлестіктердің жалпы жиналысының шешіміне арыз беру т.т./, немесе оған заңсыз міндет жүктеген,/ мәселен, жергілікті өкілетті орган азаматқа заңда көрсетілмеген салық салу туралы шешім қабылданса, шешімдер мен әрекеттерге келтірген азаматтардың шағымдары әкімшілік-құқық қатынастардан туындайтын істерді жүргізу өндірістік тәртіппен қаралады.

4. Әрекеттеріне қарсы сотқа шағым беруге болатын мемлекеттік өкімет және басқару органдарына Мәслихаттар; облыстық, аудандық және селолық әкімшіліктер, олардың бөлімдерімен басқармалары; мемлекеттік кәсіпорындардың әкімшіліктері, сондай-ақ атқарушылық басқарушы қызметті жүзеге асыру үшін белгілі бір тәртіппен құрылған мемлекеттік басқару органдар жатады.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында, мемлекеттік және жеке кәсіпорындық ұйымдарда тұрақты немесе уақытша, ұйымдық-басқару немесе әкімшілік-шаруашылық міндетін атқаратын, немесе ондай міндеттерді арнайы өкілеттік бойынша орындайтын лауазымды адамдардың әрекеттеріне қарсы сот жолымен шағым келтіруге болады.

Азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының бостандықтарын жүзеге асыру және қорғау мақсатымен құрылған саяси партиялар, қозғалыстар, кәсіптік, шығармашылық одақтар, діни және басқа да бірлестіктер қоғамдық бірлестіктер деп танылады.

Әрекеттеріне шағым келтіруге болатын басқа адамдарға, лауазымды адамдарға танылмайтын мемлекеттік, кооперативтік, жеке және басқа мекемелердің, кәсіпорындық ұйымдардың қызметкерлері жатады.

АІЖК-нің 24 тарауында белгіленген тәртіп бойынша азаматтардың құқығын шектейтін немесе оған нұқсан келтіретін мұндай адамдардың әрекеттеріне қарсы шағым сотқа, егер олар қызмет бабын пайдаланып жасаған жағдайда ғана кетіріледі.

5. "Әскери қызметкерлер мен олардың от басы мен мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік қорғау туралы" Заңның 4 бабының 5 бөлігіне сәйкес, әскери қызметкерлері құқықтарына нұқсан келтіретін және ар-ожданы мен намысын қорлайтын басшылар әрекеттеріне қарсы сотқа шағым беруге қақылы.

Әскери қызметтен босатылған азаматтар әскери қызметін өтеп жүргенде өзінің құқықтары мен бостандығын бұзған әскери органдары мен әскери лауазымдағы адамдардың әрекеті мен шешімдеріне қарсы өз қалауы бойынша халық сотына немесе әскери сотқа шағым беруге қақылы.

6. Құқығым бұзылды деп санайтын азаматтың да, оның өкілінің де, сондай-ақ азаматтың өтінуі бойынша қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымдарының өкілетті өкілдерінің де сотқа шағым беруіне болады. АІЖК-нің 31 бабына сәйкес, азаматтың құқын және оның заңмен қорғау мүдделерін қорғау мақсатында прокурордың да сотқа шағым келтіруге қақысы бар.

Азаматтың атынан шағым беретін өкілдің өкілеттігі АІЖК-нің 35 бабына сәйкес толтырылады. Қоғамдық ұйымдардың, еңбек ұжымының өкілінің өкілеттігі сайланбалы қоғамдық ұйымның немесе ұжымның жалпы жиналысы қаулысының көшірмесімен расталады.

7. АІЖК-нің 236-5 бабы ережесіне сәйкес шағым азаматтың құқығының бұзылуы мерзімі мәлім болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде беріледі.

Егер сот іс материалдарын жан-жақты тексере отырып, сотқа шағым берудің дәлелсіз себептер бойынша өткізіліп жіберілген деген қорытындыға келсе, ол шағым қанағаттандырусыз қалады.

8. Мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің, лауазымды және басқа да адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне келтірген шағым АІЖК-нің 126, 127 баптары ережелеріне сәйкес толтырылады және Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік баж туралы" Заңы белгілеген мөлшерде мемлекеттік баж төленеді.

Шағымның үлгісі мен мазмұнына қойылатын талаптар прокурордың, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, лауазымды және басқа да адамдардың заңсыз шешімдері мен әрекеттеріне келтіретін шағымы үшін де міндетті.

АІЖК-нің 130 бабының талап арызды қорғаусыз қалдыру негіздерінің тізімі туралы ережесі осы аталған категориясына да қолданылады.

9. Азаматтар мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, лауазымды және басқа да адамдардың шешімдері мен әрекеттеріне келтірілген шағымдары мен бірге осыларға байланысты басқа талаптар қойса, /мысалы, лауазымды

адамның заңсыз әрекеттері бойынша мүліктік және моральдық зиянның орнын толтыру жөніндегі талап; туралы және т.б./ ондай шағымдар талап ісін жүргізу өндірістік тәртібі бойынша қаралады.

Егер шағымды қайта қарау кезінде судья соттың қарауына жататын құқық туралы дау барын анықтаса /мысалы, жекешелендіруге рұқсат берілмеген пәтерді пайдалану құқығы жөніндегі дау; рұқсат берілмеген пайдалануға берілген тұрғын үйдің бір бөлігіне азаматтың құқығы бойынша шағым дау/, арыз берген азаматы даудың талап арыз беру жолымен шешілетіні түсіндіріледі. Ондай жағдайда шағым қараусыз қалдырылады.

10. Мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, мекеменің, кәсіпорынның, қоғамдық бірлестіктің қайта құрылғанын немесе жойылғанын анықтағаннан кейін судья азаматтың бұзылған құқығы мен еркін қалпына келтіру ақысына олардың мұрагерлерін іске қатыстыруға шараларын белгілейді.

Егер әрекетіне шағым келтірілген лауазымды адам арыздың қарау сәтінде жұмыс істемейтін болса, судья азаматтың бұзылған құқығы мен бостандығын қалпына келтіру құзыретіне тиісті органды /ұйымды/ іске қатыстыру жөніндегі мәселені шешеді. Шағым қанағаттандырылатын жағдайда судья осы органның /ұйымның/ басшысына арызданушының бұзылған құқығы мен еркін қалпына келтіру міндетін жүктейді.

11. Мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің, лауазымды және басқа да адамның шешімдері мен әрекеттеріне келтірген шағым бойынша судьялардың шешімі олардың заңдылығын тексерудің нәтижелері бойынша шығарылады.

Шағымды қанағаттандыру туралы соттың шешімінде мемлекетті басқару органы мен лауазымды адамның бұзған заңдары және оларды қалпына келтіру жөнінде нақты істер шешіледі. Атап айтқанда:

а) тіркеуден бас тарту жөніндегі заңсыздықты анықтаған кезде судья, ішкі істер органының тиісті лауазымды адамына арызданушыны нақты мекен-жайға тіркеуді міндеттейді;

б) қосымша тұрғын алаң алуға құқығының бар екенін дәлелдеу үшін созылмалы ауыр түрімен ауыратын азаматы осындай ауруы жөнінде қорытынды беруден бас тартқан орайда, сот әрекетті заңсыз деп табады және емдеу мекемесінің тиісті лауазымды адамына арыз иесіне тұрғын үй органына қажетті құралдарды беруді міндеттейді;

в) салынған немесе сатып алынған тұрғын үйді азаматтың атына тіркеуден негізсіз бас тартқан жағдайда, сот тиісті тұрғын үй-коммуналдық органды осы үйді тіркеуге міндеттейтін шешім шығарады;

г) автокөлік құралын тіркеуден негізсіз бас тартқан жағдайда судья мемлекеттік автомобиль инспекциясының лауазымды адамына шағым иесінің атына көлікті тіркеуді міндеттейді.

12. Бюрократтықтың, былықтықтың және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу айғақтары бойынша судья жеке ұйғарым шығаруы, ал лауазымды немесе басқа адамның әрекеттерінде қылмыстың белгілері байқалған кезде бұл жөнінде прокурорға хабарлауы немесе қылмыстық іс қозғауы керек.

13. Соттар тиісті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның шешімнің орындалуын шешімнің көшірмесі түскеннен соң бір айдан кешіктірмей судья мен шағым иесіне хабарлау тиістігін ескере отырып, шағымды қанағаттандыру жөніндегі шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

Шешім орындалмаған жағдайда айыпты адам КСРО-ның "Соттарды сыйламағандығы үшін жауапкершілік туралы" Заңның 4 бабына сәйкес жауапқа тартылады. АІЖК-нің 406 бабы.

14. Аталған қаулының қабылдануына байланысты КСРО Жоғары Соты Пленумының 1990 жылдың 27 шілдесіндегі "Соттардың мемлекеттік басқару органдарының және лауазымды адамдардың азаматтардың құқығына нұқсан келтіретін заңсыз әрекеттеріне келтірген шағымдарды қарау туралы" N 7 қаулысы қолданылмайды деп танылсын.